

**Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің
«Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық
жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны қызметіндегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

25.01.2026 ж.

Курчатов қ.

Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ҚР ҰЯО РМК) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабы 5-тармағын, ҚР ҰЯО РМК бас директорының міндетін атқарушының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 17.12.2025 жылғы № 305 бұйрығын орындау үшін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Ішкі талдау Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес мынадай бағыттар бойынша жүргізілді:

1) ҚР ҰЯО РМК қызметіне қатысты құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) ҚР ҰЯО РМК ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау ҚР ҰЯО РМК-нің 2025 жылғы қызметін қамтыды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге арналған ақпарат көзі:

1) ҚР ҰЯО РМК жарғысы;

2) ҚР ҰЯО РМК ішкі нормативтік құжаттары;

3) ҚР ҰЯО РМК қызметіне қатысты НҚА.

ҚР ҰЯО РМК жарғысына сәйкес ҚР ҰЯО РМК қызметінің мәні ядролық физика, қатты дене физикасы, радиациялық материалтану, баламалы энергетика, ядролық реакторлар физикасы мен техникасы, атом энергетикасының қауіпсіздігін негіздеу, радиоэкология саласында ғылыми зерттеулер жүргізу, Қазақстан Республикасының аумағындағы ядролық сынақтардың салдарын зерделеу және жою, мемлекетке тиесілі стратегиялық объектілерді күтіп ұстау және т. б.

1. ҚР ҰЯО РМК қызметіне қатысты құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

ҚР ҰЯО РМК өз қызметін жүзеге асыру кезінде сүйенетін негізгі заңнамалық актілер Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі, «Атом энергиясын пайдалану туралы», «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы», «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы»,

«Мемлекеттік сатып алу туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары және Қазақстан Республикасының Экология кодексі болып саналады.

ҚР ҰЯО РМК қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Жүргізілген талдау барысында 1-қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауы мүмкін лауазымды адамдардың тізбесі айқындалды.

2. ҚР ҰЯО РМК ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

ҚР ҰЯО РМК ұйымдастыру-басқару қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және ҚР ҰЯО РМК жарғысында белгіленген тәртіпке сәйкес ҚР ҰЯО РМК бас директоры бекіткен кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады. ҚР ҰЯО РМК өз қызметін жүзеге асыру кезінде сүйенетін барлық құқықтық актілер, сондай-ақ кәсіпорында әзірленген ішкі құжаттар кең таралған сыбайлас жемқорлық факторларын, атап айтқанда, құқықтық олқылық, дискрециялық өкілеттіктің кеңдігі, адамның өзіне тиесілі құқығын іске асыру үшін оған артық талап қою, функциялардың, міндеттердің, құқықтар мен жауапкершіліктің тиісінше айқындалмауы және т. б. ескере отырып, оларда сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін нормалардың бар-жоғына тексеру жүргізілді.

Талдау нәтижесі бойынша жоғарыда көрсетілген барлық құжатта сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін нормалар анықталған жоқ.

Персоналды басқару қызметін талдау кезінде келесілер анықталды:



Бас директордың 2023 жылғы 09 желтоқсандағы № 177 бұйрығымен бекітілген ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлерін іріктеу, қабылдау, бейімдеу және кадрлық ауыстыру тәртібі туралы ереженің талаптары жеке адамдардың ҚР ҰЯО РМК-ге жұмысқа орналасуы кезінде барлық ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмайды. Кәсіпорындағы бос жұмыс орны туралы ақпарат «ЕҢБЕК» электрондық еңбек биржасы порталында орналастырылады.

ҚР ҰЯО РМК-де бас директордың 2023 жылғы 09 қазандағы № 176 бұйрығымен бекітілген жұмысқа қабылдау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылған.

Кандидаттарды бастапқы іріктеу кезінде келіп түскен барлық түйіндеме кандидаттардың қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қаралады және оны кадр жұмыс бөлімі (әрі қарай – КЖБ) персоналды іріктеу өтінімінде көрсетілген ресми белгілерге сәйкес іріктейді. Сұхбат басталғанға дейін кандидат

стандарт сауалнама бланкін толтырып, түйіндемесін, білімі туралы құжаттарды, ұсыныс хаттарды (бар болса) және түйіндемеде көрсетілген ақпаратты растайтын басқа да құжаттарды ұсынады. Содан кейін кандидатпен бастапқы сұхбат өткізіліп, түйіндемеде көрсетілген ақпарат нақтыланды. Іріктелген кандидаттар кәсіпорынның физикалық қорғау және қауіпсіздік бөлімінде (әрі қарай – ФҚҚБ) бастапқы сұхбаттан өтеді.

Құрылымдық бөлімшенің жетекшісі кандидат туралы мәліметпен танысқаннан кейін екінші іріктеу сұхбатын өткізеді, ал кандидатты жұмысқа шақыру туралы шешім КЖБ, ФҚҚБ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер, бөлімше басшысы оң келісім берген жағдайда ғана қабылданады.

Барлық деңгейде тексеру және оң келісім алынғаннан кейін КЖБ кандидат туралы деректі комиссияның қарауына ұсынады, комиссия қарау нәтижесі бойынша кандидатқа бос лауазымды ұсыну туралы шешім қабылдайды.

ҚР ҰЯО РМК-ге жұмысқа қабылдау кезінде конкурс әдістері қолданылады:

- ҚР ҰЯО РМК бас офісінде – Бас директордың орынбасары бос лауазымына орналасуға арналған конкурс туралы ережеге сәйкес;

- «Атом энергиясы институты» филиалында – Филиалдың ғылыми-техникалық кеңесі туралы ережеге сәйкес (ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды тікелей жүзеге асыратын бөлімше басшысының лауазымы).

Осы уақыт аралығында аттестациялық комиссия шешімдеріне шағымдану фактілері болған жоқ.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер кандидатты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ҚР ҰЯО РМК ішкі нормативтік құжаттарымен және корпоративтік Әдеп кодексімен таныстырады, кейіннен кандидаттан ықтимал мүдделер қақтығысын ашу туралы декларацияны іріктейді.

Сонымен қатар жылына бір рет және басқа лауазымға ауысқан кезде, ықтимал мүдделер қақтығысын ашу мақсатында ҚР ҰЯО РМК-де мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі ережеге сәйкес декларация толтырылады.


Кадрдың ауысу себептерін анықтау бойынша жүргізілген талдау нәтижесінде төмендегілер анықталды:



Жұмыскердің заңды күшіне енген сот актісіне сәйкес одан әрі жұмыс істеу мүмкіндігін болдырмайтын сыбайлас жемқорлық құқық бұзу жасауына байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу фактілері болған жоқ.

Жұмыскердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу себептерін, сондай-ақ жалпы штат санына қатысты кадрдың ауысу себептерін талдау менеджмент жүйесі шеңберінде (Процесс картасы бойынша) жылына екі рет жүргізіледі.

Жұмыскерлердің жұмыстан кетуінің негізгі себептері тұрғылықты жерінің өзгеруіне, басқа аймақтарға, соның ішінде Ресейге тұрақты түрде тұруға, жалақының төмендігіне, Курчатов қаласында медициналық қызмет көрсетудің және басқа да әлеуметтік салалардың жеткіліксіз дамуына, сондай-ақ жалақысы жоғары басқа жұмыстың табылуына байланысты.



Тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастауға жұмыскердің өз қызметтік міндеттерін адал орындағаны үшін бөлімше басшылары жазған қызметтік хаттар негіз болды.

Тәртіптік жазасы жойылмаған жұмыскерлерге сыйақы тағайындау фактісі болған жоқ.

«Атом энергиясы институты» филиалында оқу шартында көзделген мерзімді толық өтемеген жұмыскерлердің жұмыстан шығуы бойынша 11 жағдай тіркелді. Оқу шартының 1.5-бабы бойынша жұмыскерлер оқуға жұмсалған қаражатты өтелмеген мерзімге пропорционал түрде қайтарып берді.

Қолданылған тәртіптік жазаға шағымдануға қатысты не жұмысқа қайта алу туралы сот дауы болған жоқ.

ҚР ҰЯО РМК тұрғын үй қорынан тұрғын үй бөлу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ, барлық пәтер кезек тәртібімен беріледі. ҚР ҰЯО РМК тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж жұмыскерлердің кезек тізімдері ай сайын кәсіпорынның Интернет-ресурсында жарияланады.

Қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын үйді кезек тыс алу фактісі анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысын реттеу:

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген, олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымға тікелей бағынысты лауазымға орналасу, сондай-ақ жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жекжаттарының тікелей бағынысында болу фактісі жоқ.

Алайда «Геофизикалық зерттеулер институты» филиалында жұмыскердің тікелей бағынысында өз туыстарының болуына байланысты олардың пайдасына шешім қабылдауға қатысуы мүмкін жағдайлар анықталды:

Жақын туыстық қатынастағы жұмыскерлердің бір-біріне тікелей бағынысты болуы ҚР ҰЯО РМК қызметінің ерекшелігімен, яғни сейсмологиялық станциялардың шалғайда, жетуі қиын аудандарда орналасуымен, олардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету қажеттілігімен, сондай-ақ жергілікті жерде кадр саны шектеулі болуымен байланысты.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау бойынша жүргізілген талдау барысында келесі жағдайлар анықталды: кәсіпорын жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеті немесе ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлерінің әрекеті нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкеп соғатын жағдайлар бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері тіркелген жоқ.

Жеке немесе заңды тұлғалардың өтініштеріне уақытында жауап бермеу немесе жауап бермеу жағдайлары болған жоқ.

ҚР ҰЯО РМК мемлекеттік сатып алуды «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 01 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 09 қазандағы № 687 бұйрығының нормаларына, сондай-ақ ішкі құжаттарға сәйкес жүргізеді.

Кәсіпорында бас директордың 24.11.2021 жылғы № 1121 МС бұйрығымен «ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелері мен оның филиалдары басшыларының тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібі мен жауапкершілігі» бекітілді, онда ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ филиалдардың МТЖБ басшылары бас директордың немесе оны алмастыратын адамның қарауына ТЖҚ сатып алу үшін (соның ішінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша)

өтінімдерді (әрі қарай – өтінімдер), олардың қажеттілігін негіздейтін ақпаратпен, соның ішінде сатып алынатын ТЖҚ бағасын негіздейтін коммерциялық ұсыныстармен, ал бір көзден тікелей шарт жасау арқылы ТЖҚ сатып алу кезінде өнім беруші туралы ақпаратпен бірге уақтылы ұсынады делінген.

Әлеуетті өнім беруші ең төмен баға ұсынысы және сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары бойынша айқындалады. Шарт сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің неғұрлым төмен құнын ұсынған өнім берушінің баға ұсынысы бойынша жасалады.

Біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін өнім берушілерді таңдау фактілері болған жоқ.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады, бұл өнім берушімен қандай да бір байланысты болдырмайды.

Әлеуетті өнім берушілердің «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 7-бабында белгіленген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулерді бұзу жағдайлары анықталған жоқ.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 5-бабын басшылыққа ала отырып, ҚР ҰЯО РМК ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын ұстанады, яғни әлеуетті өнім берушіні таңдаудағы басты өлшем – бұл сатып алынатын ТЖҚ сапасының төмендеу қаупі барынша азайтылатын ең төмен баға. Бұған қоса ҚР ҰЯО РМК-де қазақстандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету мүмкіндігі және сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзуға, мүдделер қақтығысына жол бермеу ескеріледі.

ҚР Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР Заңында белгіленген өкілеттіктер шегінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуына бақылау жүргізеді.

2025 жылы әлеуетті өнім берушілер мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 4 қорытынды хаттамаға шағым түсірді, олардың шағымдарын қанағаттандырудан бас тартылды.

2025 жылы ҚР Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Абай облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінен [REDACTED]

[REDACTED] бойынша сатып алудың күшін жою туралы 1 хабарлама келіп түсті. ҚР ҰЯО РМК тарапынан қарсылық беріліп, ол кейіннен қанағаттандырылды.

Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында тиісінше орындамаған жағдайлар болады, дауды сотқа дейінгі тәртіппен шешу мүмкін болмаған кезде тараптар ҚР заңнамасына сәйкес сотқа жүгінеді.

Мәселен, 2025 жылы ҚР ҰЯО РМК мердігерлердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауына байланысты [REDACTED] факт бойынша сотқа жүгінді, талап қою арызында сатып алуға қатысушыларды жосықсыз деп тану, айыппұл өндіру және [REDACTED]

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау аясында жүргізілген мониторинг барысында филиалдар тарапынан сот шешімдері уақтылы уәкілетті органға жіберілмейтіні анықталды, сот арқылы мемлекеттік сатып алуға қатысушы жосықсыз деп танылған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне (әрі қарай – ЖҚТ) енгізу үшін, немесе сот шешімі бар өнім берушілер ЖҚТ-ға енгізілмеген жағдайлар тіркелді.

Филиалдарда өнім берушілер ЖҚТ-ға дер кезінде енгізілмеген жағдайлар айқындалды:



Сот арқылы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылған өнім берушілерді ЖҚТ-ға уақытында енгізбеу фактілері бойынша анықталған жағдайларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар, олар мынадай түрде болуы мүмкін:

- өнім берушінің жосықсыздығын жасыру, уақытында ЖҚТ-ға енгізілмеген жосықсыз өнім беруші жаңа келісімшарттар жасай алады;
- мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзған өнім берушінің қайта қатысуына жағдай жасау;
- жеке пайда алу мақсаты.

Жосықсыз қатысушыларды ЖҚТ-ға енгізу туралы тікелей міндет қазіргі қолданыстағы заңнамаға сәйкес тапсырыс берушіге жүктеледі, ол осы процесті бақылауы тиіс және заңда белгіленген мерзімде жосықсыз өнім берушілерді ЖҚТ-ға енгізу үшін қажетті шара қолдануы қажет.

Жоғарыда айтылған жағдайды ескере отырып, бас директордың 24.11.2021 жылғы № 1121 МС бұйрығымен бекітілген «ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелері мен оның филиалдары басшыларының тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібі мен жауапкершілігі» (бұдан әрі – Өзара іс-қимыл тәртібі) құжатына мынадай толықтырулар енгізген жөн деп санаймын:

– заң бөлімі мен мемлекеттік сатып алу бөлімі арасында ай сайын өзара салыстырып тексеру жүргізу мерзімі туралы;

– сот шешімдерін ЖКТ-ға уақытында енгізбеу фактілері анықталған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерді хабардар ету міндеті туралы.

ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлықты түсіну деңгейін талдау мақсатында жүргізілген жасырын сауалнама нәтижесі бойынша 210 респонденттің ішінде:

210 респонденттің 98%-ы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатпен, әдеп кодексімен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі нормативтік құжаттармен таныс;

сауалнамаға қатысқандардың 96%-ы сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзу туралы хабарлау арналарын біледі.

ҚР ҰЯО РМК мен оның филиалдарындағы жұмыскерлердің басым көпшілігі кәсіпорында сыбайлас жемқорлық көріністеріне тап болмаған, бұл 95 %-ды құрады.

Сауалнамаға қатысқандардың 97%-ының пікірінше, кәсіпорынның жоғары басшылығы парасаттылықтың және сыбайлас жемқорлыққа төзбеудің жеке үлгісін көрсетеді.

Жалпы алғанда, ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлерінде сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрі мен көрінісін қабылдамау жөнінде бірыңғай түсінік қалыптасқан. Бұл жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзу фактілері туралы хабарлауға дайын болуымен, жазаның бұлтартпастығы қағидатын ұстануымен, сондай-ақ кәсіпорында сыбайлас жемқорлық жағдайының аз екендігімен көрінеді.

ҚР ҰЯО РМК 2025 жылға арналған бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлуді толық көлемде жүзеге асырды.

ҚР ҰЯО РМК тапсырыс беруші ретінде Мемлекеттік сатып алу туралы заңнама нормаларын қолданбай, жеке тұлғалармен ■■■ шарт жасасты.

ҚР ҰЯО РМК жасасқан барлық шартта сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертімдер көзделген, оған сәйкес тараптар сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзу туралы уақтылы хабарлауға міндетті.

Сондай-ақ «Бизнес талдаушы» АЖ арқылы ҚР ҰЯО РМК контрагенттеріне тұрақты негізде тексеру жүргізіледі:

- 1) құрылтайшы және басшы бойынша үлестес болу;
- 2) басшының және құрылтайшының сенімділігі (сот істеріне қатысу, салық және кеден төлемдері бойынша берешек, мүлікке тыйым салу және т. б.);
- 3) сатып алуға қатысу;
- 4) қаржы көрсеткіштері;
- 5) тәуекел факторлары.

Жасалған шарттар бойынша орындаушыларды таңдау өлшемшарты – ең төменгі баға, Орындаушының тиісті біліктілігінің болуы және т. б.

Сондай-ақ шарттар бойынша 3 жылдан асатын дебиторлық берешек бар. Заң бөлімі берешекті өндіріп алу бойынша жұмыс жүргізді, қазіргі уақытта сот орындаушыларының бақылауында.

Бұқаралық ақпарат құралдарын, әлеуметтік желілерді, Интернет желісін мониторингілеу.

Жұршылықпен байланыс бөлімі бұқаралық ақпарат құралдарындағы теріс пікірлі жарияланымдарға, оның ішінде кәсіпорын жұмыскерлері тарапынан болған сыбайлас жемқорлық көрінісі фактілеріне қатысты тұрақты негізде мониторинг жүргізеді. Осы аралықта теріс пікір айтылған жарияланымдар анықталған жоқ.

Әлеуметтік желілер мен Интернет желісіне тұрақты негізде жүргізілген мониторинг барысында ҚР ҰЯО РМК қызметі туралы теріс пікірлер мен түсініктемелер, басшылықтың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым болған жоқ. Жұмыс кезінде Google, Yandex және т. б. іздеу желілері қолданылады.

Ұсынымдар:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі бойынша ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері төмендегілерді ұсынады:

1. Қабылданатын ішкі нормативтік құжаттарды іске асыру барысында туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында оларды тұрақты түрде талдап отыру.

2. Жұмыскерлерді кәсіпорынға жұмысқа қабылдау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарына сәйкес жұмыс істеп жүрген және жұмысқа орналасатын туыс адамдардың бір-біріне тікелей бағыныстылығын болдырмау мәселесін қарастыру;

3. Жақын туыстарының тікелей бағыныстылығына байланысты мүдделер қақтығысы анықталған жұмыскерлердің қызметіне осындай жағдайды жою және алдағы уақытта жол бермеу мақсатында тұрақты мониторинг және бақылау жүргізу;

4. Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада белгіленген, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы заңды күшіне енген сот актілерін уәкілетті органға жолдау мерзімінің қатаң сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ өзара салыстырып тексеру мерзімі мен ішкі бақылау тетіктерін нақтылау бөлігінде өзара іс-қимыл тәртібіне өзгерістер енгізуге бастама жасау;

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру мақсатында ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлері арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді күшейту.

**Сыбайлас-жемқорлыққа
қарсы комплаенс-офицер**



А.К. Касенова

Талдамалық анықтамамен таныстым:

**Бас директордың
міндетін атқарушы**



С.С. Локштанов

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша анықталған
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауы ықтимал лауазымдардың тізбесі**

**Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық
орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны:**

№ р/с	Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне ұшырауы ықтимал лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелі бар лауазымдық өкілеттік	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері
1.	Бас директор	Кәсіпорынның және филиалдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру	шешім қабылдау, әкімшілік-шаруашылық және ұйымдық-басқару функцияларын жүзеге асыру құқығы
2.	ҚР ҰЯО РМК бас директорының орынбасарлары	Кәсіпорынның және филиалдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру	шешім қабылдау, әкімшілік-шаруашылық және ұйымдық-басқару функцияларын жүзеге асыру құқығы
3.	ҚР ҰЯО РМК бас директорының, сондай-ақ филиалдардың директорларының міндетін уақытша атқаратын адамдар	Кәсіпорынның және филиалдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру	шешім қабылдау, әкімшілік-шаруашылық және ұйымдық-басқару функцияларын жүзеге асыру құқығы

4.	ҚР ҰЯО РМК, сондай-ақ оның филиалдарының бас инженерлері	Кәсіпорынның және филиалдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру	шешім қабылдау, әкімшілік-шаруашылық және ұйымдық-басқару функцияларын жүзеге асыру құқығы
5.	Филиалдардың директорлары мен басшылары, сондай-ақ оларды алмастыратын адамдар	Кәсіпорынның және филиалдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру	шешім қабылдау, әкімшілік-шаруашылық және ұйымдық-басқару функцияларын жүзеге асыру құқығы
6.	ҚР ҰЯО РМК қаржы басқармасының бастығы – бас бухгалтері, сондай-ақ филиалдардың бас бухгалтерлері	- бюджетті жоспарлау; - шешім қабылдауға әсер ететін есептілікті есепке алу және қалыптастыру (қаржы: мүлікті есепке алу, түгендеу және т. б., бақылау және қадағалау: тексеру туралы шешімге әсер ететін есептілік, т.б.) - еңбекақы қорын қалыптастыру, ынталандырушы сипаттағы төлемдерді бөлу	- бюджеттік өтінімге бөлінетін қаражатты ұлғайтуға әсер ететін мәліметті енгізу мүмкіндігі; - талдау немесе мониторинг объектісіне қатысты шешім қабылдауға әсер ететін дәйексіз көрсеткіштерді қалыптастыру мүмкіндігі

7.	ҚР ҰЯО РМК, сондай-ақ барлық филиалдың жоспарлау-экономика бөлімдерінің бастықтары	Бюджетті жоспарлау	Бюджеттік өтінімге бөлінетін қаражатты ұлғайтуға әсер ететін мәліметті енгізу мүмкіндігі;
8.	ҚР ҰЯО РМК мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығы және оның орынбасары	Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу	Жоспарлауды еркін жүргізу, бәсекелестікті шектеу (техникалық ерекшеліктер мен біліктілік талаптарын «ыңғайлау», сатып алудың конкурстық емес тәсілі, болмашы негізбен өтінімдерді қабылдамау, ұпай санын дұрыс есептемеу, сатып алудың күшін жою, Тапсырыс беруші мен Өнім берушінің сөз байласуы кезіндегі баға демпингі), шартты орындау кезінде сәйкестікке бақылау жүргізбеу мүмкіндігі
9.	ҚР ҰЯО РМК, сондай-ақ оның филиалдарының кадр жұмысы бөлімдерінің бастықтары	- жұмысқа қабылдау рәсімін ұйымдастыру, ізденушілерге қойылатын талаптарды және конкурстық сұрақтарды құрастыру; - ізденушілерді бағалау және жұмысқа қабылдау; - еңбек жағдайын жасау, қызметін жоғарылату;	- конкурс талаптарын «ыңғайлау» және белгілі бір ізденушілерге конкурс сұрақтарын беру мүмкіндігі; - белгілі бір ізденушілерге артықшылық беру мүмкіндігі; - «ыңғайлы» немесе «ыңғайсыз» жағдай жасау, қызмет бойынша берілуі тиіс жеңілдіктерді (материалдық көтермелеу, демалыс беру, қызметтік пәтер, автокөлік, т.б.) таңдаулы түрде беру, тәртіптік жазаны негізсіз қолдану мүмкіндігі, меритократия қағидатын сақтамау

10.	ҚР ҰЯО РМК және оның филиалдарының заң бөлімдері	Кәсіпорынның талап-арыз жұмысын жүргізуді ұйымдастыру	Мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша Өнім берушілердің міндеттемелерін орындамау фактілері бола тұра сот органдарына жүгінбеу мүмкіндігі, не талап-арыздарды уақтылы бермеу, сондай-ақ талап-арыздан негізсіз бас тарту
11.	Әкімшілік-шаруашылық басқармасының бастығы	Ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық шешімдерді қабылдауға әсер ететін ақпаратты қалыптастыру және дайындау (мүлікті иеліктен шығару, сатып алу және кез келген адамға уақытша беру және т.б.).	Басқарушылық шешімдерге әсер ететін ақпаратты жасыру немесе бұрмалау мүмкіндігі
12.	Бухгалтер-ревизор (аудитор)	Ішкі есептіліктің орындалуын бақылау, тексеру жүргізу	Анықталған заң бұзуды жасыру, деректерді бұрмалау.
13.	ҚР ҰЯО РМК мем. сатып алу бөлімінің, құрылымдық бөлімшелерінің тауарды қабылдауға жауапты мамандары, сондай-ақ ҚР ҰЯО РМК филиалдарының материалдық-техникалық жабдықтау мамандары	Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу	Жоспарлауды еркін жүргізу мүмкіндігі, бәсекелестікті шектеу (техникалық сипаттамалар мен біліктілік талаптарын «ыңғайлау»), сатып алуды конкурстан тыс жүргізу, өтінімдерді болмашы негіз бойынша қабылдамау, шартты орындау кезінде сәйкестікті бақыламау, жалған актілер арқылы ТЖҚ-ға сәйкес келмейтін өнімдерді қабылдау және оларға ақы төлеу)

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер

А.С.

Қасенова Ә. Қ.